

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 454 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 294 бұйрығы

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитеті туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 454 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12110 болып тіркелген «Әділет» нормативтік-құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 6 қазанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (Ә.С Жұмаділдаев) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қол қойылған күнінен бастап бір апта мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдануын;

2) осы бұйрықтың «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Б.Сұлтанов